




деди
мемуарлар

ЖУМАБЕК МӘШЕХОВ
МУРАЛИ ЕСТЕЛІКТЕР





ЖУМАБЕК ТАШЕЖОВ

тураны естеліктер



Алматы "Білім" 2005

ББК 84 (5Қаз)

Т 29

Редакциялық алқа: *Саян Тәшенов, Әштар Жолдасов,
Керімбек Сыздықов, Ұлықпан Бәшен,
Жолдыбай Базаров.*

Т 29 Жұмабек Тәшенов туралы естеліктер. – Алматы, “Білім”
баспасы, 2005. – 200 бет + суреттер 8 бет.

ISBN 9965-09-328-8

Қазақ даласының әр сүйем жері үшін қасықтай қаны қалғанша күрескен, халықтың қаһарман ұл-қыздары әрдайым жұртшылық жадында. Олардың көбісі эпос кейіпкерлеріне айналып кастерленеді. Ұзақ жылдар бойы партия-кеңес қызметінде басшылық қызметтер атқарып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесін, кейін Қазақ ССР Үкіметін басқарған XX ғасырдағы ірі мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшенов есімі де бізге сондай ардақты.

Бұл кітапта Ж.Тәшенов замандастары мен оның қанаттас жолдастарының естеліктері топтастырылған. Естеліктерде қайраткердің кадр-қасиеттері ашыла түседі.

Т $\frac{4702250200}{412(05)05}$

ББК 84 (5Қаз)

ISBN 9965-09-328-8

© “Білім” баспасы, 2005

АЛҒЫ СӨЗ

Өмірде тарихпен ойнағандай әр мезгілде дүркін-дүркін келеңсіз жағдайлар болып жатады. Ел басқарған басшылардың солақай саясатына ашық та батыл қарсы шыққандар пікірі қайсарлықпен ел мүддесі үшін айтылғандықтан олар үстемдіктің қаһарына ілініп, жазықсыздан-жазықсыз қызметтен шеттетіліп жататын. Мұндай жағдайлар қазақ зиялыларының басынан мол өтті. Елім деп еңіреген сонау М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, І.Жансүгіров, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов секілді азаматтардың бастан кешкендері барша елімізге белгілі. Сондай абзал жандардың кейінгі буынының ірі өкілдерінің бірегейі Ж.А.Тәшенов еді.

Тағдырымызға шүкіршілік етейік. Халқымыз қостап, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бастап, еліміз егемендік алғалы өлгеніміз тіріліп, жоғалғанымыз табылып, ел үшін басын оққа тіккен қазақтың кеменгер ұлдарының аттары ортамызға қайта қосылып, тарихтан тиісті орындарын алып жатыр. Бұған тәубе дейік. Алған егемендігіміз баянды болғай деп тілейік. Ұзақ жылдар бойы партия-кеңес қызметінде басшылық қызметтер атқарған, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесін, одан кейін Қазақ ССР Үкіметін басқарып жүріп, Хрущевтің Қазақстанда жүргіземін деген озбыр саясатына ашықтан-ашық қарсы шығып, қызметінен аластатылған Жұмабек Ахметұлына Арыс ауданы Дермене кеншарындағы орта мектепке Үкіметтің қаулысымен есімі берілді, ескерткіш-мүсін қойылды. Шымкент қаласының бір көшесі атпал азаматтың есімімен аталды. Осындай игі істер алдағы уақыттарда да жалғасын таба берер деп ойлаймыз.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенов 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Александровка селосында дүниеге келген (бұрынғы Целиноград облысы, Вишнево ауданы, Бабатай ауылы /Танакөл/). 1940 жылдан КОКП-ның мүшесі, жоғары білімді, экономика ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын 1934 жылдан бастады. 1934–1939 жылдар аралығында аудандық атқару комитетінің хатшысы болып қызмет атқарады. 1939–1943 жылдары осы облыстың жер бөлімі бастығының орынбасары қызметіне көтерілді. 1945 жылы Солтүстік Қазақстан облысы

партия комитеті хатшысының орынбасары және мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауыстырылды.

1947—1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1948—1951 жылдар аралығында осы облыстық атқару комитетінің төрағасы болып бекіді.

1952 жылы Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығы қызметіне келді. Бұл қызметтен 1955 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметіне сайланды. 1960 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалды.

1961 жылы Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының қатардағы орынбасары қызметіне китүрқы саясаттың кесірінен төмендетілді. 1956—1961 жылдары КОКП ОК мүшелігіне кандидат және төртінші сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, төртінші-бесінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1949—1961 жылдары Қазақстан КП ОК мүшесі, 1955—1961 жылдары оның бюро мүшесі болды. 1975 жылдан одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет белгісі” ордендерімен марапатталған.

Құрметті оқырман қауым, мына қолдарыңыздағы кітапты Жүмекеңнің 90 жылдығына орайластыра шығарып отырмыз. Мақсатымыз, дара тұлғалы азаматтың кісілік келбетін, өмірі мен қызметін қалың жұртшылықтың санасында қайта жаңғырту, еске алу.

Жинаққа Жүмекеңді білетін, бірге қызмет еткен, шарапатын көрген, аралас-құралас болған замандастарының лебіздері, толғанысқа толы естеліктері енгізіліп отыр. Жүмекеңнің көзін көрген жанлар қатары да жыл өткен сайын селдірен келеді. Осыны ескеріп, замандастар естеліктерін бір топтап қоюды жөн көрдік. Естеліктердің барлығы дерлік әр кездерде түрлі басылымдарда: газет-журнал, кітап беттерінде жарияланған. Кейбір естеліктерде артық-кем айтылған дәл емес сөздердің кездесіп отыруы да кәдік. Әрине, көңілі жүйрік оқырман өз ой сарабынан өткізе жатар. Бір ескерте қетер жәйт, естеліктерді кітап ішіне енгізгенде авторлардың жасына, атақ-дәрежесіне қарамастан, әліпби реті бойынша орналастырдық. Ендеше, Алаштың абзал ұлы Жұмабек Ахметұлы туралы жазылған естеліктерді ой елегінен өткізіп көріңіздер, құрметті ағайын!

*Әштар ЖОЛДАСОВ,
ҚР ерекше еңбегі сіңген дербес зейнеткер.*


ПРЕЗИДЕНТУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н.А. НАЗАРБАЕВУ


Уважаемый Нурсултан Абишевич!


20 марта 2005 г. исполняется 90 лет со дня рождения Ташенова Жумабека Ахметовича, работавшего Председателем Президиума Верховного Совета, затем Председателем Совета Министров Казахской ССР. До избрания на высшие республиканские посты творчески и результативно руководил Северо-Казахстанской и Актюбинскими компартиями Казахстана, был депутатом Верховных Советов Союза ССР и республики.


Ж.А.Ташенов свою кипучую энергию и организаторский талант, интеллектуальный потенциал и политическую смелость направлял на развитие экономики и культуры страны, страстно защищал коренные интересы казахского и других народов, отстаивал территориальную целостность Казахстана. Его принципиальная позиция противоречила установкам Центра. Н.С.Хрущев, прикрываясь общими трафаретными выражениями, своими оголтело-диктаторскими замашками, заставил ЦК компартии Казахстана принять постановление об освобождении Ж.А.Ташенова от обязанности Председателя Совета Министров с последующим направлением в Чимкентскую область в качестве зам. председателя облисполкома. Он мужественно преодолел коллизии судьбы, навязанные руководством КПСС и с большой ответственностью относился к своим обязанностям, пользовался искренним уважением труженников Чимкентской области.

Просим Вашего указания акимам городов Астаны, Алматы и акиму Шымкентской области о проведении собраний общественности, посвященных 90-летию со дня рождения Ж.А.Ташенова.


Ашимов Б.А. 
Герой Соц. Труда, ветеран партии и труда

Арыстанбеков Х.А. 
академик НАН РК

Нурмагамбетов С.К. 
Герой Советского Союза, Халык Қаһарманы, генерал армии


Кубашев С. 
ветеран партии и труда

Каликов А. 
ветеран войны и труда

Рамазанов А.Г. 
ветеран партии и труда

Сергазин Ш. 
Герой Соц. Труда, ветеран партии и труда, участник 4-х парадов Победы на Красной площади в Москве

Бегалиев К.
профессор

Таникеев С. 
заслуженный деятель РК, писатель

Кенжебаев С.Д. – профессор 

Кирабаев С.С. 
академик НАН РК

Курмангужин С.А. 
ветеран дипломатической службы

Хайдар АРЫСТАНБЕКОВ

ЕЛІМ, ЖЕРІМ ДЕП ӨМІР СҮРГЕН НАР ТҮЛҒА

XX ғасырдың елуінші жылдары Қазақстан басшыларының арасынан шоқтығы биік, ерекше көз тартатын тұлға Жұмабек Тәшенов еді. Олай деп айтуға оның өмір жолы, халыққа деген адал қызметі, Қазақстан мемлекетінің территориясы үшін кезіндегі КСРО басшыларымен батыл да дәлелді күрестері толық айғақ бола алады. Мен бұл жерде Жүмекеннің мемлекетіміздің жері үшін жасаған еңбектерін тәптіштеп айтуды қажет деп санамаймын. Ол өзін қазақпын деп санайтын әр азаматқа белгілі. Әрине, бүгінгі жасанды “Прихватизацияның” арқасында уақытша байыған, санасыз “жаңа қазақтар”, яғни “мәңгірттер” үшін “жер — ұлттық байлығымыз” екені түсініксіз де және оларға Тәшеновтың жанын шүберекке түйіп жер үшін жасаған кескілескен күрестері тіпті мағынасыз дүние болып көрінуі де мүмкін. Сондықтан бұл жерде Жұмабек Тәшеновтың ел үшін, жер үшін жасаған еңбектеріне хронологиялық анықтама келтірмей-ақ осы азаматпен және менің қатысуыммен болған бір ғана оқиғаға тоқталайық.

Жалпы Жүмекен қоғам ісіне өте берілген, өзіне тапсырылған жұмысқа жауапкершілігі күшті адам еді. Елім, жерім деп өмір сүрді, халқына жақсылықтан жанын аямады. Қандай мәселеде болсын әділдікпен қарап, белсеніп шығып, қызына сөйлеп, көзқарасын батыл қорғайтын. Ең үлкен дәрежедегі жиындарда өзі де пікірін ашық айтатын, өзгенің де жасқанбай сөйлеуін қалайтын. Өзбекстанға жер бермеу жөніндегі комиссияны басқарғанында жете ұғынысып жұмыс істедік, ауызбірлік танытып, жеріміздің тұтастығы сақталуын талап еттік. Жүмекен онда да аянбады. Бір өкініштісі: ол тым бірбеткей еді. Қарым-қатынастағы адамдармен әлдебір мәселені шешерде шыдамы таусыла, қызбаланып кететін кездері болып жүрді. Ал халықтың жағдайын, әлеуметтік-тұрмыстық деңгейін көтеруге бағытталған шараларды қабылдауға және ол шаралардың орындалуын қадағалауға өте

жауапты қарайтын. Министрлер Кеңесінің Торағасы болып істеген кезінде жұртшылыққа жасаған жақсылығы мол болды.

Жүмекеннің жерге қатысты күрестерінің бірін оның өзі тікелей қатысқан көрші Өзбекстан республикасы арасында болған жағдайдан байқауға болады. Осыған орай: “Жалпы, Бостандық ауданынан біз қалай айрылып қалдық?” – деген сұрақтың тууы орынды. Ол былай болды. Әуелгіде өзбектер Бостандықты сұрап Мәскеу жаққа хат жіберген. Ол кезде Өзбек ССР-інің бірінші хатшысы Мұхитдинов болатын. Ол мынадай себептерді алға тартты: “Біріншіден, Қазақстан бұл ауданға Ташкент арқылы қатынайды. (Жол жоғы рас-тұғын. Тауды айналып, Өзбекстан арқылы баратынбыз). Екіншіден, мақта саламыз, мал көбейтеміз, экономиканы көтереміз, т.б...” Қысқасы, өзбектер осынау шұрайлы өлкемізді әйтеуір бір сылтаумен қолға түсіргенше асықты.

Содан кейін Қазақстан Орталық Комитеті құрған арнайы комиссиядағы жеті адам – Ж.Тәшенов (комиссия төрағасы), М.Бейсебаев, С.Дәуленов, мен (Х.М.Арыстанбеков), А.Морозов, В.Голосов, В.Шереметьев қол қойып, 1955 жылдың I маусымында: “Өзбек ССР-не Мақтаарал ауданының кейбір бөліктерін беруге келісеміз, ал Үкіметтің Бостандық ауданын беру туралы өтінішін негізсіз деп санаймыз” деп атап көрсетіп, хат жаздық.

Осы жерде айта кететін бір жай, біздің мұндай шешім қабылдауымыздың өзі өкіметтің саясатына қарсы екенін біз бәріміз де білдік. Бірақ осы шешімге Ж.Тәшеновтың батылдығы көп әсер етті. Оған дәлел, арамыздағы А.Морозов хат соңында: “Согласен с пунктом 1, 2 и 4, что касается Бостандыкского района считаю целесообразным еще раз обсудить этот вопрос его в составе Узбекской ССР”, – деп жазып, бізбен толық келіспейтінін, өкімет саясатын түсінетінін, Мәскеудің ғана ыңғайымен жүретінін білдірді.

Бұл хатымыз сол қалпында біраз уақыт жауапсыз жатты. Содан кейін өзінен өзі жоғарғы жақтан “звонок” келді де... Бұл өзі Никита Хрущевтің бастап жүрген мәселесі ғой. Сөйтіп, Бостандық ауданы ең құнарлы да ұлан-ғайыр территориясымен, 360–370 мыңдай қойымен қоса Өзбекстанға берілді, ал ар жағындағы Бағыс пен Түркістан ауылына қарасты 20 миллион гектардай жайылымдарды “берілсін” деп біз айтқанымыз жоқ. Карта жасағанда ол Қазақстанда қалды.

Сол қалпында Жоғарғы Кеңестің сессиясында қаралып, біраз жер өзбектің пайдасына шешіліп кете барады... Ол кезде сессия төрағасы Қонаев болатын. Артынша Мұхитдинов саяси бюроға мүше боп Мәскеуге ауысты. Оның орнын Ниязов

басты. Осы жерде бір нәрсеге мән беру керек: Ниязов ондіріс академиясында Хрущевпен бірге оқыған. Бұл — бір. Ал Жоғарғы Кеңеске төрағалыққа Насреддинова келе қалды. Хрушев Насреддинова не айтса да қарсы болмайтын. Ел аралауға шыққанда екеуі машинаға бірге мініп, бірге түсіп жүретін еді. Содан олар: “Мынау Мақтаарал, Киров, Ильичевский — мақталы аудандар, қазақтар мұның бәріне Ташкент арқылы келеді. Осы жерлерді бізге беріндер”, — деп тағы сұраныс жасады. Сөзсіз тағы да ауыз жаласқан шешім бойынша комиссияға ілігіп кеттік. Бірақ біздің азаматтардың, атап айтсақ Ж.Тәшеновтың күшімен со жолы бір қатерден аман алып қалдық. “Біз Украинаға бүкіл Қырымды беріп жібердік. Ал сендер бір-екі аудан үшін...”, — деп Хрущевтің айқайлағаны әлі есімде. Көп ұзамай Тәшенов кеткен соң ол аудандардан да айрылып тындық. Бірақ кейін көп нәрсе өзгерді. Брежнев кезінде Мақтаарал, Жетісай аудандарының кейбір бөліктерін бізге қайтарып берді. Әйтсе де өзбектер жарты жерді алып қалды.

Бұған өзіміз кінәліміз. Ол қазақтың принципсіз немқұрайды, кең қолтық көзқарасынан деп түсіну керек. Сол кезде өзбектердің талай жерлерімізді өзінен өзі заңдастырып алғаны да біздің ашық ауыз, ештеңені керек қылмай, тек өзбек айтқандай “хоп майлі” дей беретінімізден.

Ал Бағыс пен Түркістан қазақтың жері скені рас. Баяғыда Түркістан каналы салынғанда ол республикамыздың мақта өндірісін қалыптастыруға жол ашқан үлкен қадам болатын. Өзбек ағайын шетінен кіріп, күрек салып, атыздап ала берді. Сарыағаш, Келес аудандарында қарбыз өсіріп, тіпті “Сарыағаш” шипажайына бар-жоғы 500—600 метр жерге дейін шекарасын жылжытып алған. Ал біз үндемейміз. Тіпті бертін келе Сарыағаш ауданы әкімінің бір май құю стансасы да Өзбекстан территориясында тұрған болып шықты.

Жоғарыдағы басшылар қандай саясат ұстанып отырғанын мен білмеймін. Тек айтарым, Бостандықтың кезінде берілген 418 мың гектардан артық мал жайылымдық жерлері — қазақтікі. Оны өзбектердің иемденіп алғаны, оны сол заматтақ құжаттармен негіздей білгені болып тұр. Бірақ оны олар жетістіріп шипажайлы аймақ жасай алған жоқ. Ал Бостандықты білесіз, нағыз Жерұйық! Мұнда шай плантациялары да болатын. Жолдың жоқтығынан көз жаздық қой.

Бостандық ауданын Өзбекстанға өткізу кезеңі ауыр болды. Комиссияның жетекшісі Жұмабек Тәшеновтың тапсырысымен құжаттарға, картаға қол қоюға барғанбыз. Өзбектер сол жерге түскі асты дайындапты. Менімен бірге барған 3—4 қазақ

“Тамақ ішпейміз, кетеміз” деп, Бостандық аудандық атқару комитетінен шығып бара жатқанымызда таяққа сүйенген қазақтың екі шалы алдымыздан шығып:

– Шырақтарым-ау, не істедіндер? Бізді қайда тастап бара жатырсындар?! – дегенде, мен шыдамай жылап жібердім.

Жалпы осы айтылған мәселелердің барлығы – Ж.Тәшеновтың басшылығымен болған, жер туралы айқастарда кездескен қиыншылықтардың бір белестері ғана. Жер туралы айтатын болсақ... Бірақ қазіргі мемлекетімізде жер туралы айтылып жатқан әңгімелерге, яғни басшылар ұстанып отырған саясатты, қазіргі кезде өмірде жоқ, XX ғасыр парақтары жапқан мемлекет қайраткерлері, меніңше түсінбейді де қоштамайды. Ал ата-бабаларымыздың аруақтары жерімізді саудаға салғандарды ешқашанда кешірмейді.

Егер бүгін қайран Жұмабек Тәшенов тірі болса: “Қазақстан территориясындағы жер, кен, тағы басқа ондағы адамзатқа керекті ресурстар, ол ата-баба қалдырған қазақ халқының мұрасы да байлығы. Оны жеке біреулердің иемденуіне, сатуға, арам ақшамен сатып алуына және жеңіл жолмен тез бау үшін арбап-алдап жалдауға ешкімнің де қақысы жоқ”, – деген болар еді.

Сейітжан ӘБЕНҰЛЫ

БӘТЕС АПА – ЖҮМЕКЕҢНІҢ ЗАЙЫБЫ

Жүмекеңнің 80 жылдығын кеңінен атап шымкенттіктер бір көшенің атын беріп, тұрған үйіне мәрмәр тақта қойып, газет, журналдарға бірнеше мәрте жазып, арнайы кітап шығарып жатқанда өз туған жерінде Ақмола атырабында, жалғыз “Арқа ажары” газетінен басқа ешкім ләм-мим демей үнсіз қалғанының өзі, жазушы Нұрғожа Оразов айтқандайын, мойнымыздан лағнат камытының әлі түспегені-ау, бұрынғы коммунистік дәуірдегі жалтақтығымыз бен жасқаншақтығымыз қалмаған, ми қауашағымыз тазарып болмаған өңірміз-ау деген қайғылы ой түйіні қайталана беретін тәрізді.

Шымкентке жолымыз түсіп жуырда аға аруағына бас иіп, құран оқып шығайық деп барғанымызда бірден ел табанының жайын сұраған Бәтес апайға қоңіл көтерілер ештеме айта алмай күмілжіп қалғанымыз да сонан болды.

Аппақ қағаздай, әлі де өз бойын тік, сәнді ұстайтын апайымыз егделігін танытпай, баяғы Жүмекең ағамыздың тұсындағыдай ақжарқын көңілімен алдымыздан шығып қарсы алды. Жұқа еріннің етегіне ұялаған әсем күлкі, жанарынан

шырақ шашқан бауырмалдылық ел адамына, Жүмекеңді білетін азаматтарға деген ыстық ықылас лебін сеуіп, келбетінен келісті жарасым тауып тұрғандай. Қарсыға қайырған ақбурыл шашы Күн көзіне шағылған күмістей жалтылдап, ақжібек торғынмен төбеден төмен төгіле көмкерілген тұла бойы сымға тартқан сәуледей бір артық дене жоқ. Ширақ аяқ басысы, серпіле түскен бипаз үні де жас шағындағыдай ұстағаны байкалып тұр.

— Неге тұрсыздар, шешініп төрге шығыңыздар, киіміңізді мен іліп қояйын, — деп құрақ ұшады. Қазақ эпос жырларында батырға лайық жары келісті суреттеледі десек, алмас қылыш мінезді ағамыз Жүмекеңе де лайықты өз Бәтесін көріп біраз әңгіме-дүкен құрып, естеліктер айтып көңіл пернесін көтеріп алдық.

— Е, сен, Қалиақпар екенсің ғой, неге жатырқап қалдың, мен сені жаңа таныдым... Алматыдан қашан келдің, келін аман ба?

— Көріспегелі де көп жыл болды ғой... — деп Қакең де кеудесін көтере қарқылдап бір күліп алды.

Қалиақпар Баймұқанов Жұмабек Тәшенов мемлекет қайраткері болып жүргенде бірнеше жыл шет мемлекеттерге шыққанда да жол серік болған адам еді. Ол бұл үйде Жүмекеңнің құрметті қонақтарымен талай рет бірге болған. Бірде Жапонияға барғанда Жүмекең мұны Қазақ ССР-інің ірі бизнесмені, үлкен зауыты, фабрикалары бар деп таныстырған ғой.

— Қарағым, сен атым Сейітжан дедің бе? Е...біздің Манаппен істеген екенсіз ғой, ол Астрахань ауданында көп жыл хатшы болды. Мен өзім де сол жақтыкімін, — деді беріле зейін аударған Бәтес жеңешем, — Қасен деген Жүмекеңнің үлкен ағасын да білетін шығарсың, теміржолда ревизор болып жұмыс істеді.

Менің есіме Махамбетова деген журналист қыздың “Молодой целинниктен” арнайы тапсырмамен келіп “Неоправданный оптимизм первого секретаря Астраханского райкома” деген сын мақала жазғаны, соны желеу етіп Жүмекең мемлекет басшысынан Хрушевтың тегеурінімен кетірілген кезде Манапты да қызметінен босатқаны түсті. Ол тура бір Тәшеновтерге деген жасыл қуғын еді. Жүмекең сонда Шымкентке облыстық атқару комитетінің орынбасарлығына жер аударылғандай болып келген Мәскеумен айқасқан қайсар адамды тани да, қадірлей де білген екен.

Тек қызметі кезінде Жүмекеңді сылап-сипап түлетіп отырған жоқ, осындай қиян-кескі басқа түскен ауыртпалық

шақтарда сенімді серік, отбасында тірек бола білген Бәтес апайдың өзін де оқырмандарға таныстыруға, төгілте суреттеуге тұрарлық адам екеніне ешкім де күмәндана қоймас.

Жүмекең туралы біраз сыр шертіліп, айтылып болған кезде мен әңгіменің бетін Бәтестің өзіне қарай бұрып:

— Апай, сіз өзіңізді де ақмолалық дедіңіз бе. Соңғы он бес жылдай журналист болып біраз аудандарды аралап жүргенім бар, мүмкін білетін шығармын, — дедім.

— Е, білмегенде ше. Мен анау Макин ауданына қарасты қалың қарағай ішіндегі “Өрнек” ауылынанмын, ол жерді “Қошанай қажы ауылы” деген екен.

— Қазір ол Алексеев ауданындағы “Хлебороб” кеңшарының болімшесі, — дедім өзімнің бұл өңірді жақсы білетіндігімді айқындай түсіп.

Сонау бір жылдары баи-қулақ дегендерге қарсы жүргізілген науқан Әлімбаевтар аулетін де айналып өтпепті. Ұлы кәмпеске кезінде айдалып кеткен Ыдырыс түрмеде қайтыс болады да, оның отбасын ағасы Әбдірахман қолына көшіріп алады. Бұл қаратүнек қасіретті кезінде Бәтекең он жасында қайғыдан, жоқшылықтан ерте есейіп шешесімен бірге өткерген болатын. Әбдірахманның баласы Әбілқайыр ол кезде Қостанайда қызмет атқаратын, әкесімен бірге тұратын. 1932 жылы бұлар да сонда үшінші отбасы болып кошіп барған. Содан 1936 жылы Әбілқайыр қызметі ауысқан соң тағы бірге Ақтөбеге, бұларды жат жерде тастамай, өзімен бірге ала кетті.

Баяу үнмен бапты сойлеп, өмірдің ауыр откелдерін тізбектеп отырған апайға, ыңғайсыз болса да, тағы да бір сұрақ қойдык.

— Жүмекеңмен кездескен жайларыңызды айтпас па екенсіз, мүмкін болса:

Арманыма жетті қолым,
Таптым өзім теңімді,
Танысқан күн әлі есімде,
Кешіп отсем де теңізді,—

деген екен бір ақын, ағаның да сізге жас кезінде шығарған шумақтары бар шығар, — дедім. Менің сауалым өзіме дөрекілеу көрінді. Сондықтан болар Бәтекең апай ойлы көзінің отты жанарын бір жарқ еткізді де:

— Е, оның не секреті бар. Қайта жас шағыңды еске алсаң бір жасарып қаларсың, — деді әзілдей түсіп, бетінде аздап шырай үйіріле қалғандай болды. Содан кейін сәл ойланып, терең бір күрсініп алды.

Біз апайдың жастық шағының ауыр болғанын сөзінен

байқағанбыз. Жүмекеңмен бірге өткізген 46 жылды саралап шығудың тым жеңілге соқпайтынын сезгендей болдық.

— Кейінірек Әбілқайыр “Бейнетқор” (қазір Еңбекшілер) ауданына сауда кооперациясының бастығы болып келді. Жұмабек те осында РайЗО-да бастық екен. Соғыстың алдында— 1940 жылы қосылдық. Төрт ұл, бір қыз өмірге келді, үлкеніміз Саян — энергетик, ғылым кандидаты. Кішіміз Мұрат — Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Екі бала озіммен бірге осы Шымкентте тұрады. Саяттың баласы маған немере Арман — Мәскеуде МГУ-да химия пәнінен дәріс оқиды. Саят пен Болат осында химзауытта істейді. Бес немерем бар. Жүмекең кейінгі жылдары ғылыми-техникалық хабарлама орталығында істеп жүріп, үйге келе жатып жолай жүрегі ұстап қалды. 1986 жылы қайтыс болды. Бұрын өзінің “Сахарный диабеті” бар еді.

— Асыл азамат, ел қорғаны, үлгі боларлық аға ұрпақтың жарқыраған жарық жұлдызы Жүмекеңнің — Жұмабек Тәшеновтың де арамыздан өтіп кеткеніне он жыл болып қалыпты-ау. Зымыраған өмір-ай,— деді Қалиакпар. Иә, ағаның ардақты жары, Бәтес апайымызға енді ұзақ өмір, зор денсаулық тілейік.

Кейінгі ұрпақтарының қызығын көре берсін!

Ердесбек ӘШЕНОВ

ТҮРКІСТАНДА ҚАЛҒАН ІЗ

Мұндай қайталанбас сәттер естен кетер ме?..

Жеті қабат жер астынан кен қопаруда рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізген 2 кеншіге Лениндік сыйлықтың берілгені туралы қуанышты хабар бүкіл әлемге лезде эфир арқылы тарап кетті...

Сол жаңалықтарды жазу үшін төрт күннен бері Кентау қаласында едім. “Ащысай-түсті металл” комбинатының бас инженері Коганмен шахтер киімін киіп, электровозбен әр забойға түсіп, әр кеншімен тілдесіп бұл орасан мол табыстарға қалай қол жеткізгенін, көңіл-күйін біліп құттықтап жүргенбіз. Бұл арада Астанадан келген газет фототілшілері, кино-операторларының қарбалас жұмыстары оз алдына бір төбе дерсің. Төрт сағаттан соң жер бетіне көтеріліп, душка жуынып-шайынып болысымен Түркістанға телефон шалып едім, үйдегілер:

— Тез кел, сені Тәшенов деген үлкен кісі іздеп жатыр, — деді.

Жол-жөнекей қатты ойға баттым...

Бұл кісінің менде қандай зәру жұмыстары болды екен? Машинадан түскен бойда аупарткомның кеңсесіне жол тарттым. Ол кезде аупарткомның бірінші хатшысы Ұлтубай Бейсембаев болатын. Хатшының көмекшісі Ілиясов мені көрді де:

— Кабинетке кіріңіз, күтіп отыр, — деді.

Орта бойлы, керекарыс маңдайы жарқыраған аққұбаша келген кісі төрдегі креслода отыр екен. Бірден сол кісінің қолын алып, сәлемдестім де, төменірек отырдым.

Ұлтекең:

— Жүмеке, әлгі сіздің шақыртқан жігітіңіз осы азамат болады, — деді.

— Олай болса мен Тәшеновпін, — деп ол қол берді. Мен де орынымнан атып тұрып:

— Әшеновпін, — деп едім, ол кісі сәл-кем үнсіз қалып ашуланғандай сынай танытты. Ұлтубай орындығынан көтеріліп:

— Иә, Жүмеке, бұл жігіттің фамилиясы солай, Әшенов, — деп үстін-үстін қайталай түсті.

Десе де, ашуланған бетінен қайтар емес.

Әлден уақыттан кейін иіліп сөзге келді-ау:

— Мен осы ауданның мақта жинау науқанына көмектесу үшін келіп отырмын. Әуел баста маған Василий Андреевич Ливенцов оңтүстіктегі Мақтаарал, Жетісай, Киров аудандарына барсаңыз деп еді. Бұл сапар менің өтінішімді мақұл корді. Кәне, жігітім, сол үшін бізбен бірге болсаңыз, басшыларыңа да айтамыз деген соң білгім келіп отыр.

— Жүмеке, кешіріңіз. Неге десеңіз, қамтитын аудандарым көбірек. Күн аралап рекорд жасап жатқан Кентауға, жүгеріден мол өнім өсіріп данқы шығып жатқан Шәуілдірге бармасақ тағы болмайды.

Кенет ол орынынан тұрып:

— Немене, “ақ алтын” жинау науқаны бұл істерден кем болғаны ма сонда. Кәне, Шымкентті, редакторын қосыңызшы. — дегені сол еді, телефон қоңырауы бебеу какты.

— Әсет Тілеукеевич, сенің мақтаған жігітің бізді менсінетін түрі жоқ қой, тәйірі.

— Жүмеке, кеше үйіне телефон шалып едім, Кентауда жүр екен.

— Ендеше, ол жігітің осында менің алдымда отыр.

— Жаксы болды ғой, трубканы беріңізші!

— Ереке, бұл кісі көп жыл республиканы басқарған еліне елеулі, халқына қалаулы мемлекет, қоғам қайраткері. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ деп Хрущевке Қазақстанның

солтүстік аймағындағы облыстарын Ресейге қосу жөнінде қарсыласа өктем сөздер айтып, ерлік танытқан үлкен тұлғалы, қасиетті азамат. Қасында болыңыз, Түркістанды түгелдей таныстырыңыз. Бұл сіз үшін де үлкен бақыт. Асығыс хабарлар болса, телефонмен берерсіз.

Мойынымдағы ауыр батпандай болған жүктен жеңіл тартқандай болдым да қалш тұрып:

— Келістік, Жүмеке, мен сізбен күні-түні болса да жүруден жалықпаймын, — деп серт еттім.

Басшылар демалатын саяжай қонақ үйіне келдік. Сөзден сөз шығып кетті де, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов, Евней Арыстанұлы Букетовтер жайында әңгіме қозғалды да, ол кісілердің үйде бірнеше рет болғанын айтып едім, — Е, Евней өзіміздің нақ сүйер ұлымыз, дарынды ғалымымыз емес пе, — деп көтермелеп, демеп отырды.

Бюро мүшелері әуелгі кездескен шақта-ақ:

— Жұмабек Ахметұлы, сіздің Түркістанға тұнғыш рет қадам басқаныңыз біздер үшін мақтаныш. Ол біздерге үлкен күш-қайрат, жалындаған жігер қосады. Мақта жинау науқанын әрі қысқа, әрі қарқынды жүргізе отырып, облыста бірінші болып беретінімізге сеніңіз.

— Жігіттер, арық сөйлеп, семіз шық демеуші ме еді, көп сөзбен көпіріп ұятқа қалмайық.

Арада өткен 3–4 күннің ішінде әрбір шаруашылықта дала қосы, ыстық тамақ ұйымдастырылды. Ең бір кемшілік 65–70 шақырымдағы Торткүлде байланыс жасайтын телефоны жоқ болатын. Жүмекең облыстық байланыс басқармасының бастығы Байнұралы Жақыповқа телефон шалып, екі күнде орнатылды. Ауданда 14 шаруашылық болса соның әрқайсысында обкомның белді-белді өкілдері бар. Солардың ішінде “Победа” ұжымшарында облыс прокуроры Мызников, Жамбыл атындағы ұжымшарында облыстық соттың төрағасы Әбдіраманов жолдастардың күні-түні ұйқы қормей мақта даласынан шықпай, ауданды алға сүйреп отырғанын ашық айту керек. Десе де, “3 Интернационал” ұжымшарында қарқын жоқ, жаңбыр жауғалы бері өсім мүлдем төмендеп баралы. Кенет осы ұжымшардың еңбек ұйымдастыру жұмысы жайында құрамы бес адамнан комиссия құрылып тексеруге жіберілді. Шынында тәртіп деген атымен жоқ. Шаруалардың бірсыпырасы той-тойлап, Кентауға, Созаққа кеткен екен. Ұжымшарлардың 35 белсендісі болса, отбасылар атқаруға тиісті еңбек минимумын орындауға ықпал етпеген.

— Ол ол ма, — деді комиссия төрағасы Иген Оңласов. —

науқан басталғалы бері соншама белсенді отбасылары “ақ алтын” жинауға қатыспаған. Шағаладай ашылған аппақ мақта алқабында мал жайылып жатыр. Әсіресе, асфальт жол жағасындағы бітік өскен 7 гектар мақталықты мал таптап жермен-жексен еткен. Сол жерді комиссия мүшелері өлшеп акт жасағанда бірнеше жүз мың сом зиян келтірілгені анықталған.

Мызников:

— Сол актіні бізге беріңіздер, бүгіннен бастап қылмыстық іс қозғаймыз, — деп өтініш білдірді.

Бюрода ұжымшар торағасы Т.Намаев:

— Маған партиялық жаза қолданбай-ақ, қылмыстық іс қозғамай-ақ қоюды өтінемін. Аспан айналып, қар жауса да, төрт-бес күнде мемлекеттік жоспарды орындап шығуға уәде етейін. Орындамасам, сол кезде қандай шара берсеңіздер өкпем жоқ, — деді.

Шынында сонау Қаратау бауырындағы елді мекендерден Төрткүлге лек-лек адамдар көшіп барып, уәдесін екі еткен жоқ.

Жаңбырдың соңы қарға ұласуы ықтимал. Бюрода аудандық тұтынушылар қоғамының торағасы Исақұл Жақыпов:

— Қарағандыдан 500 тонна көмірімізді көптен ала алмай отырмыз. Соған сіздер тарапынан көмек болса екен, — деді.

Бюрода отырған Жүмекең кенет көтеріліп:

— Маған Қарағандының обком хатшысы Акулинцевті қосыңызшы! — деп еді: “Телефонда ол кісі жауап бермейді”, — деген жауап алды.

— Онда облатком торағасы Досмағанбетовты қосыңыз!

— Ия, мен Досмағанбетовпін, айта беріңіз.

— Қасиетті Түркістаннан, Тәшеновпін. Қалай, Сәке, мал-жан аман ба? Мен мақта жинауға осында келіп едім. Бұл бүкілқазақстандық мақта ғой. Бұлар сіздерден 500 тонна көмір алашақ екен енді. Соған 500 тонна қосып, 1000 тоннаны тездікпен жонелтуді сұранамын. Жаңбыр себелей түсті, арты қарға айнала ма деп тұрмыз, — деді Тәшенов.

Лезде көмір де келіп түсті. Терілген су мақтаны газды плиталар үстінде, мақта тазарту зауытының жылы пештерінің маңында кептіріп, аудан мақта дайындау жоспарын 102,7 пайыз етіп орындап, рапорт берді.

Бұдан кейінгі екі жылда ауа райы қолайлы болып, облыстың алдын берген жоқ. Жұмабек Ахметұлы Тәшенов сол 3 рет келуінің өзінде Түркістанның гүлденуі үшін аңызға айналдырарлық, соңында айтып жүрерлік із қалдырды.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне шетелдерден ағылып келіп

жатқан туристер легі коп-ақ. Енді соларды таныстыру үшін жоғары білімді ағылшын, түрік, француз, орыс, қытай тілдерін жетік білетін жоғары білімді қазақ қыздары мен жігіттерін орналастыруға үлкен қамқорлық көрсетті. Бірнеше жерлерден кафелер аштырып, онда ұлттық тағамдар дайындауды қалыпқа келтірді. Ал қымыз бен қымыранды қысы-жазы бірдей келтіріп, оған ыстық тоқаш пен бетіне сәйдене сепкен ыстық тандыр нанның болуын бақылауға алды. Әшекеймен орнестеле салынған дүкендерде неше түрлі-түсті сувенирлердің мол болуы үшін оны сонау Түркиядан, Сауд Арабиясынан, Мекке-Мәдинадан алдырды.

Сол шақта Қазақстан Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков жиі-жиі келіп, кесене жанынан жазушы Саттар Ерубасевтың мұражайын ашуды ұйымдастырды. Ең негізгісі — Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің көркі де, бар байлығы да Санкт-Петербурдағы Тайқазанды қайткен күнде алдыру жайы сөз болды. Мұны ең алғаш қолға алған Өзбекәлі еді де, оны қоштаған Ж.Тәшенов болды десем, қателеспес едім. Осы екі кісінің ойлана, толғана кіріскен қадамдары құтты болды. Бұл үшін Жүмекең Өзбекәлінің қолындағы тарихи деректі мағлұматтарына сүйене отырып Мәскеуге, Санкт-Петербур қаласының басшыларына соғылған талай-талай телефон қоңырауы аз болған жоқ-ты.

Кесене алдындағы үймешік тобе астындағы топырақпен көміліп жатқан тас моншаны, тарихи тілмен айтқанда шығыс моншасын қалыпқа келтіріп, іске жаратқан осы Жүмекең болатын. Мұндай әсем безендірілген шығыс моншасының архитектуралық жобасы тарихи Отырар, Тараз қаласында ғана салынған екен.

Геологиялық барлау экспедициясы қала іргесінен терен бұрғылар салып, Шөйтөбе учаскесінен емдік қасиеті бар жерді тапты. Мұны Жүмекең көрді де, лезде Алматыдағы зертханаға жібергенде Батыс Украинада курорттар Трусковецк, Моршин емдік суымен бірдей деген қорытынды берді. Бұл қаладан 3—4 шақырым-ақ жерде. Жүмекең тезірек осы жерден емдік профилактория ашу үшін Алматыға, Республикалық ұжымшараралық құрылыс мекемесінің бастығы Қарақұловқа телефон шалып, екі вагон ағаш алдырды. Облыстық ұжымшараралық құрылыс мекемесінің бастығы Мұрат Құлшынбаев, Түркістан ұжымшараралық құрылыс мекемесінің бастығы Әскербек Әбдіқадыровтар құлшына қызу іске кірісіп, 3—4 айда 50 орындық емдеу профилакториясын салып, пайдалануға берді. Сойтіп Жүмекең соңғы екі жылдай емделіп жүрген Трусковецк, Моршинға бармай-ақ, отбасымен, балаларымен бірге осы

Шөйтөбеде емделді. Қаламен осы аралыққа арнайы автобус жүргізді. Алдымен тас жол төселіп, кейін асфальттандырды. Телефон байланысы орнатылды.

Кейін бұл жерге облыстық денсаулық сақтау департаменті арнайы жолдама беріп, тұрғындарды сауықтыруға көшті.

Қазақтың арыстандай айбатты, қажырлы да, қайратты бір тума ұлдарының бірі, мемлекет, қоғам қайраткері Жұмабек ағамыз Түркістанға осылайша аңыз етіп айтып жүретін ізін қалдырды.

Бәйкен ӘШІМОВ

ЕЛ СЕНИМІ – ЕҢ ҚЫМБАТЫҢ

(кітабынан үзінді)

Кеңес заманында орталықтың жергілікті басшы кадрларына ұлтшыл деген айып тағуы немесе басқа бір таңба басуы қиын болмайтын. 1960 жылдың қаңтарынан 1961 жылдың қаңтарына дейін Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып Жұмабек Тәшенов қызмет атқарды. Ол кезде республиканың солтүстік облыстары Тың өлкесінің (орталығы – Целиноград) құрамында болды. Өлке басшылары Соколов, одан кейін Коломиец – Мәскеудің жіберген өкілдері, тікелей орталықты ғана (КОКП ОК I-хатшы – Н.С.Хрущев) танығысы келіп, республиканың басшы орындарымен тек сыпайышылық (формально) қозқараспен ғана есептесті. Әрі-беріден соң Өлкені тікелей Мәскеуге бағындыру қажет дегенді де әңгіме етіп жүрді.

Ж.Тәшенов Өлке басшыларының мұндай әрекеттерімен қабыспайтын мінез білдіріп жүрді. Ол үшін өлкеліктер Жүмекеңнің үстінен КОКП Орталық Комитетіне, Хрущевтің өзіне жамандаған пікірлерін жеткізеді. Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстанға беруге де Тәшенов қарсылық білдірді. Ал қызметтен босатқанда, алдын ала дайындаған обкомдардың хатшылары сөйлеп, оның қызметіндегі кемістіктерді қазбалап, өзінің мінезіне мін тағып, қаулыда “За недостатки в работе” деген тұжырыммен орынынан босатады.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенов көп жылдар бойы бірнеше облыстарды басқарған, республиканың Жоғарғы Кеңесі Торалқасының Төрағасы болған, тәжірибесі мол, істі білетін көрнекті мемлекет қайраткері еді.

ОЛ – ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗЫН ӨТЕГЕН ЖАН

1955–1960 ж.ж. Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің, 1960–1961 ж.ж. Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы болып қызмет еткен алаштың арлы ұлы Ж.А.Тәшенов үстіміздегі жылдың 20 наурызында 90 жасқа толады. Жүмекеңді тереңірек білетін, аралас-құралас болған замандастар лебізі – біз үшін қымбат дүние. Осы орайда, кезінде Жүмекеңмен сыйласып тұрған ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор һәм академик Асылбек Баймұқановты сөзге тартқан едік.

– *Сізді Ж.А.Тәшеновпен аралас-құралас болды дейді. Алғашқы таныстығыңыз тұрғысында айтып берсеңіз.*

– Мен 3 жасымда әке-шешемнен айрылдым. Тағдырдың қыспағы буыным қатпай жатып тауқыметін бір басыма үйіптөкті. Балалар үйінде тәрбиелендім. Кәмелетке толмай жатып 1955 жылы Қарағанды қаласындағы көмір өндіретін шахтаға жұмысқа кірдім. Нәпақамды айырып, ел қатарлы еңбек етіп жүргенімде шахтаның біздің бригада жұмыс істеп жатқан бөлігінде кенеттен үлкен жарылыс болды. Жарылыстың салдарынан 12 шахтер қаза тапты. Құдай қағып мен және бір неміс екеуіміз тірі қалыппыз. Ес-түссіз жатқанымда бір қуыстан құтқарушылар тауып алып, ауруханаға жеткізіпті. Әйтеуір, жан қалғанына тәуба деп, 2 жылдай аурухана төсегіне таңылып, кейіннен жарақаттарым жазыла бастаған соң балдақпен әупірімдеп жүретін болдым. Бірте-бірте, күндер өте балдақты да қажет етпейтін дәрежеге жеттім. Жастайымнан оқуға, білімге деген құштарлығым күшті болатын. Оған мүмкіндіктер бола қоймағандықтан қара жұмысқа кіріскенімнің нәтижесі мынау. Енді қол еңбегіне жарай қоймаймын. Оқуға түсуге, ғылым қууға тура келді. Содан 1958 жылы Ақмола қаласында жаңадан ашылып жатқан ауылшаруашылық институтына құжат тапсырып, оқуға түсуге даярландым. Ақырында емтихандардан сүрінбей өтіп, жоғары бал жинағаныммен мені мүгедектігіме байланысты конкурстан өткізбей тастады. Еңбек кітапшамда мүгедектігім туралы белгі соғылған болатын. Салым суға кетіп, шарасыздықтан не істерімді білмей қатты қиналдым. Қол ұшын созатын ешкімім жоқ. Сол кезде Ақмола қаласына Қазақ ССР Жоғарғы

Кеңесінің төрағасы Ж.А.Тәшеновтың іссапармен келгенін басылым беттерінен оқыдым да, мұң-мұқтажымды айтып, қабылдауына кірмек болып шештім. Жоғары лауазымды, атағы дүрілдеп тұрған Жүмекене жолығудың сәтін келтірудің өзі мен секілді абитуриентке қайдан жеңіл бола қойсын. Не керек, ойтiп-бүйтiп жүрiп, Ж.А.Тәшеновтың қайда тұрақтағанын анықтап алдым. Ол кісі қонақ үйге де, облыс басшыларының үйіне де түспепті. Өзінің арнайы вагонында тұрып жатыр екен. Әлгі вагонға жақындап келіп, Тәшеновтың қабылдауына кірмек болып едім, күзетшілер кеудемнен итеріп жолата қоймады. Күзетшілер:

— Саған не керек. Аулақ жүр, — деп маңайлатар емес. Мен де күзетшілермен жағаласып, айтарымды айтып жатырмын. Сол сәтте: “Әй, не істеп жатырсыңдар. Қане, нендей шаруасы бар екен, жіберіңдер”, — деген өктем үн вагон жақтан санқ ете қалды. Бәріміз де жалт қаралдық. Газет беттеріндегі суреттерінен көріп жүргенім бар, тани кеттім. Айқайдың иесі, терезеден сыртқа қарап тұрған Ж.А.Тәшенов екен.

Әлгі бұйрықты сөзден кейін күзетшілер мені вагонға қарай өткізіп жіберді. Басқышпен қотеріліп, вагонға кірген бойда үсті-басымды реттестіріп, жонделе бергенімде Жұмабек Ахметұлының өзі шығып қалды. Амандық-саулық сұрасып болғаннан кейін, менің жетісіп жүрмегенімді байқаған болар, көмекшісін шақырып алды да:

— Мына жігітті асханаға алып барып, тамақтандыр, ентігін басын. Содан соң маған ертіп келерсің, — деді де, өзі ішке кіріп кетті. Вагонның ішіне көз жүгіртіп өттім. Арнайы асхана бөлмесі, төрағаның кісі қабылдайтын бөлмесі, өзінің жеке бөлмесі бар екен. Көмекшісі мені асханаға кіргізіп, нұсқау берді. “Не ішесің, не жейсің”, — деп аспазшы бәйек болып жатыр. Мен: “Бір шыны кофе берсеңіз жетеді, тамақ ішпеймін”, — дедім. Ол менің сыпайыгершілігіме қараған жоқ, тамақтың неше түрлісін алдыма сықап қойды. Ас ішіп отырып, ойымды жинақтап, өзіме өзім келіп алдым. Бір кезде төрағаның көмекшісі кірді де, мені Жүмекеннің бөлмесіне ертіп барды. Кең иықты, дөңгелек жүзді, акқұба келген келісті қазақ маған жылы шырай танытып, жүзінен мейірім төге:

— Ал, жігітім, шаруанды айта бер, — деді. Мен саспастан келген шаруамды түгел айттым. Тіпті, әңгімені созыңқырап, көрген қиыншылықтарымды да тізіп шықтым. Ол бір рет те сөзімді бөлген жоқ. Адамды тыңдай білетін жан екен. Мен сөзімді аяқтап болысымен, дереу институттың басшылығына телефон соқты.

— Бұл Тәшенов. Сіздерге Асылбек Баймұқанов деген жігіт

оқуға түспек болып емтихан тапсырып, жоғары бал жинапты, ал сіздер оны денсаулығына байланысты қабылдамапсыздар. Оқуға қабілеті бар көрінеді, осы мәселені оңтайлы шешіп жіберсеңіздер қалай болады? — деді. Арғы жақтағы адам заңнан аттап өте алмайтынын, қолынан келмейтінін айтқан болу керек, Жүмекең басын шұлғып, онымен келіскендей болды. Ол трубканы қайта қойды да, сәл ойланып барып, институттың Мәскеудегі басшылық құрылымының жауапты адамымен сөйлесті. Екі жақ аз-кем жауаптасып отырды. Бір кезде Ж.А.Тәшенов әңгімені көп созбады: — Заңға қайшы болатындай ештеңесі жоқ. Қазақстанның атынан Асылбек Баймұқановты қабылдайсыздар, — деп кесіп айтты. Арғы жақтағы адам келіскен болар, Жүмекең “Сау болыңыз” деп трубканы қоя салды. Сәлден кейін Ж.А.Тәшенов:

— Сен институтқа бара бер. Қазір ректорыңа Мәскеуден нұсқау түседі. Оқуға қабылдандым дей бер, — деді. Мен қуанғаннан алғысымды айтып шыға жөнелдім. Институтқа келсем, ректор жылы қабылдап, жатақханамен, ас-сумен, стипендиямен қамтамасыз етілетінімді айтып, көл-көсір жақсылықты үйді де тастады. Мүгедектігім жазылған еңбек кітапшамды “көзін жоғалт” деп өзіме қайтарып берді. Міне, осылайша Жүмекеңнің арқасында оқуға түсіп, өмірімді оқумен, біліммен біте қайнастырып шыға келдім. Бұрын-соңды көрмеген, білмеген, алдына жағдайын айтып келген қаншама адамға Жүмекеңнің қамқор болғанын кейін де естіп жүрдік. Ал жоғарыдағы айтылған жәйт менің есімнен ешқашан ошпек емес. Сол әлеттерде Жүмекеңмен болған бір минут уақыт менің көпке дейін көңілімді шарықтатып жүрді. Ал енді ол кісінің ел үшін жасаған еңбегін мен қайталап жатпайын, оны өзің де білерсің.

— Ж.А.Тәшенов қитұрқы саясаттың кесірінен СОВМИН-нің төрағалығынан Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне төмендетіліп келгенде Сіз Шымкентте екенсіз. Жолығуларыңыз қалай болды?

— Иә, ол кісі республика басшылығынан солақай саясаттың озбырлығымен төмендетіліп Шымкентке келгенінде былайғы жұрт түк түсінбей қалды. Көптеген адамдар Жүмекеңе бағытталған әділетсіздікке іштей наразы болып жүрді. Солардың арасында мен де бар едім. Біздің қолымыздан не келеді дейсің? Ж.А.Тәшеновты Шымкент қаласы жылы қарсы алды. Мұң-мұқтажын арқалаған қарапайым жандар Жүмекеңнің алдын босатпайтынына талай куә болдым. Ж.Тәшенов облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына бекіп, жайланған соң мен інілік сезіммен

сәләм беруге бардым. Қабылдауына кіргенімде ол орнынан тұрып алға қарай қолын соза маған қарай жүрді. Мен ресмилікті қойып, асқан тебіреніспен құшағымға басып, бетінен сүйдім. Ақмоладағы алғашқы кездесуімнен кейін 5 жылдан соң бетпе-бет жолығып тұрғаным осы. “Мынауы кім тағы” дегендей аңтарылып қарап қалды. Менің оқуға түсуіме қол ұшын созғанын, Ақмоладағы кездесуіміз тұрғысында айтқанымда жүзіне күлкі үйіріп, хал-жайымды, жұмысымды сұрап ақжарқын көңіл танытты. Содан кейін жиі болмаса да, арагідік жолығып, амандық-саулығымызды сұрасып тұрдық.

Жүмекеңнің адамгершілігі, кісілік келбеті, тұлғасы өз ортасында биік тұратын. Өрелі азаматтың өнегелі істері Шымкент облысында да жалғасын тауып жатты. Тәшенов зейнеткерлікке шыққаннан соң “Қаракол” ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасарлығы қызметіне келіп, бірге жұмыс істестік. Бұрынғы аралас-құраластығымыз етене жақындай түсті. Сөзге сараң Жүмекең көп шешіле қоймайтын. Алайда кейбір кездері ел, жер, ұрпақ туралы әңгіме қозғап, іштегі ойын салмақтылықпен айтып, тыңдаушысын үйіріп әкететіні бар-ды...

– *Жұмабек ағамызбен соңғы рет жолыққаныңыз тұрғысында сөз ете кетсеңіз.*

– Жүмекең облыстық “Қаракол” ғылыми-зерттеу институтында екі жылдай қызмет етті. Одан ары қарай Оңтүстік Қазақстан облыстық талдау-есептеу орталығында ғылыми қызметкерлер ұжымын басқарды. Қайтыс боларынан үш күн бұрын маған жұмыс орнынан телефон соғып, кешкісін келіп кетуімді өтінді. Барғанымда өзі қызмет етіп жүрген мекеменің кітапханасында әлдебір кітапты оқып отыр екен. Сәлем бердім. Көңілсіз, тұнжыраңқы қалпындағы кейпін көріп, бір сергітіп алу үшін әзілдеген болып едім, сәл-пәл жымыған болды. Арада аз-маз үнсіздік орнады. Үнсіздікті бұзған Жүмекең:

– Осы жүрек құрғыр мазамды алып бітті. Ажалдың да тықыры таянып қалды-ау деймін, – деді. Мен:

– Қайдағыны айтпаңыз, – деп тіксініңкіреп қалдым. Осы іспеттес жауаптасудан кейін әртүрлі тақырыпта әңгіме қозғалып, біршама уақыт отырдық. Айналаны қараңғылық басып, көз байланып қалғандықтан екеуіміз де жылы коштасып, үйді-үйімізге таркастық. Жүмекеңнің әлгі сөзі мені ойландырып тастады. Дегенмен, жамандыққа жорымай, ойымнан күдігімді қуып шығып, сәл жеңілдеп алдым. Арада үш күн өткенде Жүмекеңнің бакилыққа аттанғанын естідім. Төбемнен жай түскендей болды. Құдайдың ісіне дауа бар

ма? Оңтүстіктің халқы қимастықпен шығарып салды, арулап жерледі. Ол кісі қайтқаннан соң үй ішімен, әйелі Бәтеспен тығыз араласып тұрдым. Ал қазір Бәтес жеңгей Алматыда тұрып жатыр. Байланыс баяғыдай емес, әлсіреп қалды.

— *Ж.А.Тәшеновтың 80 жылдығы осы Шымкентте аталып өткені белгілі. Ол мерейтойда өлең оқыпсыз...*

— Ж.А.Тәшенов 80 жылдық мерейтойы Шымкент қаласында ғана аталып өтті. Негізінен республика бойынша қамтылу керек еді. Мерейтойға азды-көпті қонақтар жиналып, ас берілді. Ол кісі жайлы естеліктер айтылды. Мен де қарап қалмай арнау өлеңімді оқыдым. Бұл да бір Жүмекеңе деген ыстық ықыласымды білдіру ғой. Ж.А.Тәшеновтың 80 жылдығына орай қаланың орталық көшелерінің біріне есімі беріліп, ескерткіш такта ашылды. Мұның бәрі Жүмекеңе деген халықтың сүйіспеншілігі арқасында атқарылған игі істер деп есептеймін. Міне, Жұмабек Ахметұлының көз жұмғанына 19 жылдың жүзі болып қалыпты. Өтіп бара жатқан өмір деген осы. Жақын күндері Жүмекең 90 жасқа толады. Осы мерейтойды ұйымдастыру үшін ол кісінің замандастары жоғарғы жаққа хат жазыпты деп естіп қаламын. Тәшеновке қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Ол ұлт алдындағы перзенттік парызын толық өтеген жан. Ел болып сыйлап өткен әр ғасырдың өз алдына Абылайы бар. Мен Жүмекеңді елі құрметтеген Абылайы дер едім. Өйткені ол өмірінің соңына дейін өз қамынан халық қамын жоғары қойып өтті. Халқының арлы азаматы бола білді. Артында қалған елі Жүмекеңді аңыз қылып айтып жүр. Мұндай еліміздің арлы, ардақты, шоқтығы биік азаматтарын әр уақытта жүрегіміздің жылы жерінде сақтауымыз керек.

— *Әңгімеңізге рақмет.*

*Ертай Бекқұл,
Журналистер одағының мүшесі.
1-8 наурыз, 2005 ж.*

Ұлықпан БӘШЕН

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

Артына өлмес мұра, өшпес із қалдырған ұлылардың есімі әрдайым халықтың мақтанышына айналады. Олардың еңбектерін бағалайтын да, мирасқоры да кейінгі ұрпақ. Елін, жерін жаудан қорғап, ұлан-байтақ даланы ұрпағына қалдырған батыр да дана бабалардың өсиетін орындап, ұлтының мүддесі үшін күрескен, жерімізге көз салған көршілерге бас иемсі